

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**  
**Тарих факультеті**  
**Дүниежүзі, тарихнама және деректану кафедрасы**

**«Деректану және тарихнама» пәні бойынша**  
**қорытындылаушы емтихан бағдарламасы**

**Мамандық 6В02212-тарих және шет тілін меңгеру**  
**Оқу түрі: күндізгі, 5 кредит, 2-курс**

**Алматы**  
**2024ж.**

Бағдарламаны 6B02212-тарих және шет тілін меңгеру мамандығының жұмыстық оқу жоспары мен білімдік бағдарламаның пәндер каталогы негізінде жасаған т.ғ.д., профессор Т.Ә. Төлебаев

Дүниежүзі, тарихнама және деректану кафедрасы мәжілісінде қаралған және ұсынылған

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2024ж. Хаттама №

Кафедра меңгерушісі

Р.С. Мырзабекова

Факультеттің әдістемелік кеңесі ұсынған

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2024ж. Хаттама №

Ғалым хатшысы

Н. Тәсілова

## **Қорытындылаушы емтиханның өтілу түрі – жазбаша дәстүрлі (офлайн) Дәстүрлі – сұраққа жазбаша жауап беру**

### **Қорытындылаушы емтихан бағдарламасы**

«Деректану және тарихнама» өзіндік ерекшелігі бар біртұтас жүйелі ғылым саласы. Оны меңгерудің қиындығы да осында. Егер, Қазақстан тарихында бір оқиғаның тарихын білмегенмен, екінші оқиғаның тарихын жақсы білуге болатын болса немесе Әлем тарихында бір мемлекеттің тарихын білмегенмен, екінші мемлекеттің тарихын білуге болатын болса, деректануда олай етуге болмайды. Деректанулық терминдерден бастап, барлық деректанулық проблемалар бірімен бірі тығыз байланысты, олар бірінен бірі туындап, бірін бірі толықтырып отырады. Сондықтан оларды тұтас білу арқылы ғана деректану ғылымын меңгеруге болады.

Дегенмен, ғылыми-зерттеу жұмысының барысында нақты деректің ерекшелігіне сәйкес немесе өзінің алдына қойған мақсатынын шыға отырып тарихшы бірде деректану ғылымының бір проблемасына ерекше көңіл бөлсе, екінші бір жағдайда басқа проблемаға баса көңіл бөлуі мүмкін.

#### **Қазақ тілінде ғылыми терминдер қалыптастыру тарихынан**

«Деректану» кітабында ұғым мен терминдерге: «**Ұғым**-зерттеушілердің тәжірибелік-эмпирикалық және ғылыми-танымдық іс әрекеттерінің барысында қалыптасқан, зерттеудегі объектер мен құбылыстардың мәні мен ерекше белгілерін тұтас және жалпылама ашатын ойлау формасы. **Терминдер** – сол ұғымның сөздік, табиғи тілдік айтылуы. Олар не бөлек сөздерден, немесе белгілі бір сөз сәйкестіктерінен тұрады. Терминология әлі қалыптаспаған жағдайда ұғымның мазмұны суреттеу арқылы ашылуы мүмкін» деген анықтама берілген.

#### **Тәуелсіздік және ғылыми термин қалыптастыру ісі**

Қазақша ғылыми терминдер жасау ісінің жаңа кезеңі ел тәуелсіздігімен тікелей байланысты болғандығы түсінікті. Баршаның көзі тәуелсіз елдің тағдырын білім мен ғылымның шешеріне анық жетті. Бұл фактор ғасырлар тоғысында Қазақстан ғылымының барлық саласында ғылыми термин қалыптастыру ісінің тез қарқынмен дами бастауына алып келді. Дегенмен, әрбір ғылым саласының өзіне ғана тән ерекшеліктері болады. Сондықтан да терминдер қалыптастыру ісімен алдымен сол саланың мамандарының айналысуылары қажет. Демек, біздегі тарих ғылымының ғылыми ұғымдары мен терминдерін қалыптастыру ісімен кәсіпқой қазақ тарихшылары айналысуы тиіс еді. Бірақ, бұл мәселе Қазақстанның тарих ғылымында әлі күнге дейін өз шешімін тапқан жоқ.

#### **Деректанулық ұғымдар мен терминдер және олардың анықтамасы.**

Келтірілген нақты мысалдар ұғымдар мен терминдердің мағынасын дәл анықтап, оларды қолдана білудің Қазақстанның тарих ғылымы үшін қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді деп ойлаймыз. Сондықтан да «Деректану» кітабында деректану ғылымына қатысты терминдер туралы айтылып, нақты терминдерге анықтамалар берілген.

#### **Деректану проблемалары мен методологиясы.**

Деректану теориясы деректану ғылымының ең өзекті мәселесі болып табылады. Келешек тарихшылардың кәсіби деңгейлері олардың деректану теориясын қаншалықты меңгерулерімен тікелей байланысты. Деректермен жұмыс істей білу тарихшылардан алдымен сол деректермен жұмыс істей білу теориясын меңгеруді талап етеді. Деректану теориясын жете меңгермей, деректермен тиімді жұмыс істеу мүмкін емес.

Деректану археология, этнология және тарихнама сияқты тарих ғылымының іргелі негіздерінің бірін құрайды және оның құрамдас бөлігі болып табылады. Бірақ, жалпы тарих ғылымы мен деректанудың зерттеу объектілері де, атқарар қызметі де екі басқа. Тарих ғылымының зерттеу объектісі өтен өмір. Дәлірек айтқанда тарих ғылымы қоғамда болып өткен құбылыстар, уақиғалар, үдерістер тарихын зерттейді.

### **Деректегі объективтілік пен субъективтілік.**

Адамның іс-әрекетінің нәтижесінде пайда болған объект ретінде, тарихи деректің өзі - нақты шындықтың бір құрамдас бөлігі (кез келген дерек материалды). Демек, нақты объективті шындық деректе тек қана бейнеленіп қоймайды, сонымен қатар нақты объективті шындық туралы мәлімет тарихи дерекке енеді. Сондықтан объективтілік дегеніміз нақты шындықтың деректе бейнеленуі мен ол туралы мәліметтің дерекке енуінің диалектикалық бірлігі болып табылады.

### **Деректану теориясы және оның негізгі проблемалары.**

Деректер туралы ғылымның қазіргі дамуы, оның басқа ғылымдар арасында алатын орыны деректану теориясының дамуының актуальдылығын арттыра түседі. Деректану теориясы - ол деректерді ортақ қасиеттерінен шыға отырып зерттейтін білімнің ғылыми жүйесі. Ол деректерде бекітілген ақпараттық мәліметтерді объективті шындық дәрежесінде ала білуге көмектесетін ғылыми ойлау формасы.

Деректану теориясы мынандай негізгі проблемаларды қарастырады: деректерде әлеуметтік шындықтың бейнелеу заңдылықтарын, тарихи деректерді сыныптау, деректерді зерттеудің негізгі кезеңдерінің реттілігін сақтау мен олардың мазмұнын зерттеу, олардан қоғамдық құбылыстар мен процестер туралы шынайы ақпараттық мәліметтер алу мақсатында деректерді зерттеудің негізгі кезеңдерінің реттелігі мен мазмұны ол мәліметтерді тарихшының қабылдау заңдылығы т.б.

### **Тарихи деректерді сыныптау проблемасы.**

Жалпығылымдық проблемалардың бірі – сыныптау проблемасы. Сыныптау проблемасы – деректану ғылымының да басты проблемаларының бірі болып табылады. Көп жағдайда зерттеуші еңбегінің тиімділігі де, оның ғылыми құндылығының деңгейі де сыныптау проблемасының қаншалықты дұрыс шешілуімен де байланысты. Тақырыпқа қатысты жиналған деректер әдетте өзінің саны, көлемі жағынан аса көп, формасы, мазмұны, түрі жағынан әр алуан болып келеді. Сондықтан тарихи деректер теңізінде дұрыс жол табу, тарихи зерттеулерде оларды тиімді және пайдалы етіп қолдана білу қажеттілігі оларды сыныптау проблемасын туғызады. Басқаша айтқанда, деректерді ортақ қасиеттері бар, бірақ бір-бірінен ерекше белгілерімен айырылатын сыныптарға бөлу қажет болады.

### **Кеңестік кезеңдегі тарихи деректерді сыныптау.**

Кеңес дәуірінде тарихи деректерді сыныптау проблемалары өз дамуында бірнеше кезеңнен өтті.

Кеңес өкіметі алғашқы жылдарында (1917-1924 жж.) тарихшылар тарихи деректерді сыныптауға негізінен төңкеріске дейінгі деректанушылардың пікірлерін қолдады.

2-ші кезең (1925-1940 жж.) кеңес тарихшылары деректерді әр түрлі белгілеріне қарап, оның ішінде тақырыбы бойынша да (мемлекет, идеология, қоғамдық қозғалыс тарихы тақырыптары бойынша) бөлуге болады деген пікір айтты.

3-ші кезең (1940-1956 жж.) М.Н. Тихомировтың деректерді бес топқа бөлумен ерекшеленеді. Академиктің деректерді бөлудегі бұл принциптері теориялық жағынан негізделді, оның ұсынған сыныптауы ғылымға терең енді. Олар: заттай, лингвистикалық, этнографиялық, ауызша, жазбаша. Жазба деректерді құжаттық және баяндаушы деп екіге бөледі. Н.М. Тихомиров жазба деректерді сыныптау кезінде бірінші рет хронологиялық принципті пайдаланады: ерте дүние тарихы бойынша, Киев Русі тарихы бойынша т.б. Ал хронологиялық шектеулері ішінде деректер шығу тегіне қарай бөлінеді (халдейлік, греко-римдік, византиялық).

4-ші кезеңде (1956 жылғы КОКП-ның XX съезінен кейін) деректерді типологиялық сыныптау біржола қалыптасты. Сол тарихқа жылымық деген атпен енген жылдарда жалпы тарих ғылымы, оның ішінде деректану да едәуір дамыды.

### **Деректердің типтік сыныпталуы.**

Типтік сыныпталудың тарихи деректерді түрлік сыныптаудан айырмашылығы ол деректердің мазмұны мен формасының сәйкестігі принципіне негізделген. Тип ақпаратты салу және сақтау тәсілдерімен ерекшеленген деректерді біріктіреді. Негізінен деректердің жеті типін айтуға болады: жазба, заттай, этнографиялық, фольклорлық, лингвистикалық, фотокино-құжаттар, фоноқұжаттар. Мұндай сыныптау дерекке тән ерекше белгілерін (пайда болу, мазмұны, формасы) ескереді, дегенмен бұл шартты сыныптау. Өйткені, фольклорлық (ауызша) деректер қазіргі кезде, көп жағдайда жазба түрінде таралған, ал этнографиялық деректер-заттай ескерткіштер немесе кинофотоқұжаттар түрінде беріледі.

### **Қазақстанның тарих ғылымының пайда болуы және қалыптасуы.**

Деректану тарих ғылымының негіздерінің бірі болып табылады. Сондықтан да, деректанудың ғылым ретінде пайда болып қалыптасуы және дамуы жалпы тарих ғылымының пайда болып қалыптасуымен тікелей байланысты. Мысалы, бізде деректану ғылымының назардан тыс қалуы Қазақстанның тарих ғылымының пайда болуып, қалыптасуының өзіндік ерекшеліктерінен туындап отырғандығы толық дәлелденді деуге болады. Негізі кеңестік кезеңде қаланып, аздаған ғана өзгерістермен бүгінге дейін жеткен ресми тарих ғылымы қазіргі таңда терең дағдарыс жағдайында отырғандығы баршаға аян шындық. Сондықтан да, қоғам дамуының бүгінгі талаптары мен ұлттық мүддеге сай Қазақстанның тарих ғылымын реформаландыру арқылы түбегейлі қайта құру қажеттілігі күннен-күнге айқын сезілуде.

### **Деректанудың пайда болып, қалыптасуының объективті алғышарттары мен ортақ заңдылықтары**

Тәуелсіз ұлттың талабы мен талғамына сай Қазақстанның тарих ғылымын реформаландырудың негізгі бағыттарының бірі, деректану ғылымының ұлттық мектебін қалыптастырып, оның Қазақстан тарих ғылымындағы өз орнын алуына мүмкіндік жасау. Оның үстіне, деректанудың тарих ғылымының негіздерінің бірі ретінде пайда болып, қалыптасуының объективті алғышарттары бізде де толық пісіп жетіліп, оның ортақ заңдылықтары мен субъективті факторлары көрініс бере бастады

### **Деректанудың ғылым ретінде қалыптасуының негізгі кезеңдері**

Деректану өзінің ғылым ретінде пайда болып, қалыптасу барысында, басқа да ғылым салалары сияқты, бірнеше кезеңнен өтті. Оқулықта айтылғандай, деректану тарихи білімнің қорлау және тарихи зерттеу тәжірибесі барысында пайда болды. Тарихи деректер қорының кеңеюі мен ғылыми айналымға жаңа деректердің көптеп енуіне байланысты, олардағы мәліметтердің шынайылық деңгейін анықтау қажет болды. Оқиғаның немесе құбылыстың деректе қалай, қай дәрежеде және қай қырынан бейнеленгенін анықтау, әр түрлі деректердегі бірін-бірі жоққа шығаратын мәліметтердің қайсысы шындыққа жақын

екендігін тексеру мақсатында тарихшылар алдымен деректердің өздерін сыни талдаудан өткізу қажет екендігін түсініп, өздерінің іс-тәжірибелерінің барысында деректерге талдау жасаудың түрлі зерттеу тәсілдерін қолдана бастады. Нәтижесінде біртіндеп деректану ғылымы пайда болды.

### **Деректанудың Кеңес өкіметі жылдарында дамуы**

Деректану тарих ғылымының құрамдас бөлігі ретінде Кеңес өкіметі жылдары да дамыды. Бірақ, ол, негізінен орыс тарихының деректерін тану пәні ретінде дамыды. Барлық одақтас республикаларда, оның ішінде Қазақстанда да, «КСРО тарихының деректануы» деген атпен орыс тарихының деректері оқытылды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында деректану әр түрлі қосымша тарихи пәндер жиынтығы ретінде қаралды. Тек 40-шы жылдардан бастап қана деректану арнаулы ғылыми пән ретінде қарала бастады.

### **Деректанудың ұлттық мектебінің қалыптасуы.**

Тәуелсіздік жылдарда деректану ғылымының ұлттық мектебін қалыптастыру бағытында біршама жұмыстар атқарылды. Әрине, Қазақстанда деректану мәселесімен айналысқан бірлі-екілі деректанушы ғалымдар бұрын да болған, қазір де бар. Бірақ, олар арап, парсы, қытай немесе орыс тілінде пайда болған деректерді зерттеумен айналысқан негізінен орыс тілді тарихшылар. Ал, қазақ тарихының негізін де, өзегін де қазақ тілінде пайда болған ұлттық төл деректеріміз құрайтындығы белгілі. Сондықтан да, деректану ғылымын терең меңгерген, ұлттық төл деректерімізбен жұмыс істей білетін кәсіпқой қазақ тарихшыларын көптеп дайындамай, тарихымыз еш уақытта да өз дәрежесінде жазылмайтындығын өмір толығымен дәлелдеп берді. Ол үшін деректану ғылымының ұлттық мектебін қалыптастыру қажет.

### **Ш. Уәлиханов - қазақтың тұңғыш деректанушы ғалымы.**

Деректанумен тікелей айналыспағанымен, ғылыми сезімталдықпен белгілі бір дәрежеде деректанулық ойдың дамуына өз үлесін қазақ ғалымдарының алғашқысы Шоқан Уәлиханов (1835-1865) болды. Егер, деректану ғылымының талаптарынан шығар болсақ, ол, біріншіден, қазақ-қырғыз халықтарының тарихына қатысты деректерді іздеп тауы, оларды бір жүйеге келтірді және оларды орыс тіліне аударып, жария етті

### **Ә. Бөкейханның деректану саласындағы еңбектері.**

Өткен ХХ ғасырдың басында еңбек етіп, тарихи білімнің дамуына өз үлестерін қосқан Алаш зиялылары болғандығы белгілі. Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары, басқа да ғылым салаларымен қатар, деректану ғылымының дамуына да әсер етті деп айта аламыз. Мысалы, Ә. Бөкейхан біріншіден, ХХ ғасыр басындағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайын, мәдени өмірі мен рухани бітім-болмыстарын, күнделікті тұрмыс-тіршіліктерін өзінің ұлан-ғайыр еңбектерінде асқан шеберлікпен бейнелеп, шынайылық деңгейі өте жоғары дерек көздерін жасады.

### **А. Байтұрсынұлы тарих және тарихи деректер туралы.**

Оқулықта айтылғандай, А. Байтұрсынұлының тарих ғылымы туралы, тарихи деректану туралы негізгі ойлары, оның 1926 жылы жазған “Әдебиет танытқыш” деп аталатын ғылыми – зерттеу еңбегінің “Әуезе түрлері” деп аталатын бөлімінде айтылған. Біріншіден, А. Байтұрсынұлы тарих ғылымының белгілі бір табиғи заңдылықтарға негізделгендігін дәлелдеп, жалпы адамзаттық құндылықты басшылыққа алған методологиялық тұрғыдан өте дұрыс бағдар ала білген. Сонымен қатар, ол, тарих ғылымның негізгі принципті қағидаларының бірі – тарихшы өзі пайдаланған кез келген деректің деректанулық талдауды қажет ететіндегін де, тарихшылардың өздеріне жеткен

мағлұматтарды, яғни тарихи деректерді “сынға салып”, демек деректанулық талдаудан өткізіп, “мінсіз етіп”, яғни ғылыми құндылығын анықтап алулары керектігін де айтады.

### **Е. Бекмахановтың деректанушылық көзқарастары мен тәсілдері.**

Дегенмен, оқулықта айтылғандай, қазақ тарихшылары сол ауыр жағдайдың өзінде де қазақ тарихы туралы, оның деректері туралы деректану ғылымының тұрғысынан өз ойларын айтып, келер ұрпаққа өшпес мұра қалдырды. Осылай, большевиктік-коммунистік диктатура жылдарында да деректанушылық ой өз жалғасын тапты. Бұл ретте қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымының докторы, профессор Ермұхан Бекмахановтың еңбегін ерекше айтуға болады.

### **Деректанулық “сын”.**

Деректану ғылымының методы, яғни деректерді тани білу әдіс-тәсілдері туралы айтылған жетінші тараудың бірінші тармақшасы «Деректанулық “сын” деп аталады. Демек, онда деректерді деректану ғылымының қағидаларына сүйене отырып “сыннан” өткізу қажеттігі, басқаша айтқанда, деректерді тарихтың шикі заты ретінде “өңдеуден” өткізіп барып пайдалану қажеттігі және оның жолдары туралы айтылған. Бұл жерде “сыннан” өткізу деген термин де, “өңдеуден” өткізу деген термин де сөздің ауыспалы мағынасында алынған шартты терминдер.

### **Деректану методикасының негізгі принциптері.**

Методика нақты зерттеу тәсілі деген ұғымды білдіреді. Ал, тарихи деректану методикасы дегеніміз тарихи деректермен жұмыс істеудің нақты ережелері мен тәсілдерінің жиынтығы. Демек, бұл тарауда деректанулық талдаудың, яғни деректерді зерттеп-зерделеудің нақты тәсілдері туралы айтылады. Барлық ғылыми-зерттеу жұмыстары сияқты, тарихи деректану методикасы да төмендегідей принциптерге негізделген.

### **Деректердің пайда болуын “сынау” немесе сыртқы “сын”.**

Деректі сынаудың бұл кезеңі деректің өмір сүру формасын (форма бытование) айқындаудан, түпнұсқалығын, уақытын, авторын, жасалынған жерін, пайда болуының нақты тарихи жағдайын, деректі жасаудағы мақсаты мен міндеттерін және мәтінді оқудан, оның дәл мазмұнын анықтаудан тұрады.

### **Деректің шынайылық деңгейін анықтау немесе ішкі “сын”. Өкілеттілік проблемасы.**

Егер, сыртқы сын, яғни деректің пайда болуын сынау деректанулық талдаудың бірінші кезеңі болса, екінші кезеңі – ішкі сын. Оның міндеті деректің мазмұнын зерттеу, оның тарихи шындықпен сәйкестігін анықтау, деректің ғылыми маңызын айқындау болып табылады.

Әрбір деректе белгілі бір оқиғаны немесе құбылысты сипаттаған фактілер кездеседі. Тарихшының міндеті сол деректе құбылыстың фактілік жағымен қатар, оның мәнінің де қаншалықты көрініс тапқандығын анықтау. Демек, дерекке талдау жасау кезінде тарихшы деректегі оқиға туралы мәліметтің толықтығына және дәлдігі мен шынайылық деңгейіне көңіл аударуы қажет.

### **Фольклордың дерек көздері ретінде пайда болуын сынау.**

Фольклордың дерек көздері ретінде пайда болуын сынау шартты түрде сызбада көрсетілген жүйеге сай жүргізілуі мүмкін. Қазақ халқының тарихы көбінесе ел жадында сақталып келеді. Ол аңыз, әңгіме, хикая, жыр түрінде тарады. Сондықтан бізде жазбалардан гөрі, ауызша айтылып жүрген аңыз-жырлар мол. Қазақ тарихының бірқатар мәселелері сол аңыз, жырлардан шығады.

Өз тарихын тума төл деректерінің негізінде зерттеу мүмкіндігіне енді ғана ие болған қазақ тарихшылары үшін тарихымыздың дерек көздері ретінде фольклордың маңызы ерекше.

### **Жылнаманың тарихи дерек көзі ретіндегі маңызы.**

Ортағасырлар тарихының аса маңызды жазба деректерінің бір тобын- оқиғаны болған жылы бойынша баяндайтын жылнамалар құрайды. Әр халықтың даму ерекшеліктеріне қарай олардың тарихи дерек көздерінің де өзіндік ерекшеліктері болады. Мысалы, қазақ халқының өткен тарихы негізінен ауыз әдебиеті туындылары: аңыз-әңгіме, жыр-дастандар, шежіре т.б. айтылып, ауыздан-ауызға тарау арқылы баяндалса, славян халықтарының тарихы ұзақ жылдар бойы жылнамаларда айтылып, жылнамаларда бейнеленген. Сондықтан, славян тарихы үшін жылнамалар негізгі дерек көздерінің бірі болып табылады.

### **Шежіре – тарихи дерек көзі ретінде.**

Шежіре ғылыми тұрғыдан танылмай ешуақытта да объективті қазақ тарихы жазылмайды. Бұл заңдылық. Өйткені, шежіре қазақ тарихының басты қайнар көздерінің, яғни деректік негіздерінің бірі болып табылады. Тарихи дерек көзі ретінде шежірені жан-жақты зерттеп, зерделей отырып қана объективті, яғни шынайы қазақ тарихын жазуға болады. Демек, келешекте Қазақстанның тарих ғылымының үлкен бір саласы шежіретану болуы қажет.

### **ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ**

Тарихи оқиғалардың дәлме-дәл құжаттық бейнеленуі емес, олардың автордың санасындағы көркемдік бейнеленуін баяндаушылық сипатта беретін дерек - әдеби шығармалар. Әдеби шығармалар - қоғам өмірінің мәдени, идеологиялық, саяси әлеуметтік – экономикалық тарихының аса маңызды дерек көзі.

### **Мерзімді басылымдардың дерек көзі ретіндегі ерекшеліктері мен маңызы.**

Қазақстан тарихының жазба деректерінің үлкен бір тобын мерзімді басылымдар құрайды. Патша жарлығы мен оның жергілікті әкімшілік органдарының шешімдерін халыққа жеткізіп отыру мақсатында, 1870 жылдың сәуірінен бастап, қазақ тілінде шыға бастаған алғашқы “Түсркістан уалаяты газетінен” бастау алатын қазақ баспасөзі, XX ғасырда негізгі ақпарат құралына айналды.

### **Заманхаттық әдебиеттің тарихи дерек көз ретіндегі түрлік ерекшеліктері.**

Соңғы жылдары мемуаристикаға арналған арнаулы деректанулық әдебиеттерде жеке адамдық деректер тобының бұл түрінің өзіндік айқын белгілері бар деген ғылыми дәлелденген пікірлер айтылып жүр. Қазіргі зерттеулерге сүйене отырып заманхаттық әдебиеттердің түрлік ерекшеліктерін анықтауға тырысайық. Ол ерекшеліктер заманхаттардың алғашқы әлеуметтік функцияларынан туындайды. Ол: жеке адамның замандастары үшін және келешек ұрпақ үшін өзі қатысқан тарихи оқиғалардағы өзінің іс тәжірибесін көрсету үшін, ондағы өзінің орнын ой елегінен өткізу үшін жазылған әдеби еңбек.

### **Саяси қуғын – сүргін құжаттарының деректік маңызы мен жалпы сипаты.**

Тарихи шындыққа жақындауға көмектесетін, өзіндік ерекшелігі бар деректердің бірі – саяси қуғын – сүргін тарихының деректері. Кезкелген мемлекет, саяси жүйе өзін қорғауға тиіс. Сондықтан олар өздерінің өмір сүруіне не үстемдік ету құқына қауіп төндірген күштерге қарсы үнемі күрес жүргізуге мәжбүр болады. Сол күрестің барысында күрес тарихы әр түрлі дәрежеде бейнеленген деректер дүниеге келеді. Ондай деректер негізінен саяси іздеу – бақылау және сот – тергеу құжаттары болып екі үлкен топқа бөлінеді.



**Халқымыздың ұлт-азаттық күресіне қатысты пайда болған мұрағат құжаттарын деректанулық талдаудан өткізудің қажеттігі мен жолдары.**

Әрине, мұрағат қорларының халқымыз тарихының маңызды дерек көздерін құрайтындығы даусыз. Ұзақ жылдар бойы қалыптасқан еліміздегі мұрағаттар жүйесінің негізгі міндеттері де сонда. Десекте, мұрағат сөзі құран сөзі, яғни құдай сөзі емес. Олар да өзіміз сияқты жұмыр басты пенделердің саналы іс-әрекеттерінің барысында пайда болған дүниелер. Демек, олардың да субъективті болып келетіндігі заңдылық. Сондықтан басқа да дерек көздері сияқты мұрағат материалдары да өздерін деректанулық талдаудан, яғни “өңдеуден” өткізуді талап етеді. Бұл барлық мұрағат деректеріне тән ортақ қасиет.

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗДЕРІ**

Келешек Қазақстан тарихнамасының өзекті мәселелерінің бірі – тәуелсіз Қазақстан Республикасының пайда болу, қалыптасу және даму тарихы болары күмәнсіз. XX ғасыр соңында адамзат тарихындағы ең алып империялардың бірі – КСРО-ның күйреуі нәтижесінде, әлем картасының бетінде бірнеше жаңа мемлекеттердің пайда болып, тарих сахнасына шыққандығы белгілі. Солардың бірі – Қазақстан Республикасы. Бұл бірнеше мыңжылдық тарихы бар қазақ халқының өміріндегі жаңа кезеңнің, яғни ең жаңа тарихының басталуы болды. Қазақ халқы, осы елді мекендеген басқа да ұлттар өкілдерімен бірге, өз мемлекетін қайта құру ісімен айналыса бастады.

### **Тарихнаманың тарих ғылымындағы орны**

Тарихнама ұғымы туралы. Тарихнаманы оқып-үйренудің маңызы мен ерекшеліктері. «Тарихнама» пәнінің мақсаты мен міндеттері. Тарих және тарихнама: салыстырмалы талдау. Тарихнамалық факт және тарихнамалық дерек

### **Тарихнама және методология**

Методика, метод және методология ұғымдары. Методологиялық бағыттар туралы. Методологияның тарихи зерттеулердегі орны. Методология және Қазақ тарихы мәселелері

### **Ежелгі парсы, қытай, грек зерттеушілері Қазақстан тарихы туралы**

Бехистун жазбаларындағы сақтардың сипаттамасы. Накши Рустамдағы, Персепольдегі сақтар бейнесі. Қазақстан ежелгі қытай жазбаларында. Геродот сақ-скифтер туралы. Страбон сақтар жөнінде

### **Тас және қола дәуірлерінің зерттелуі**

Тас ғасырының зерттелуі. Қазақстандағы тас ғасырын зерттеушілер. Қазақстанның қола дәуірінің зерттелуі. Ежелгі сақтар, үйсіндер, қаңлылар, аландар, ғұндар тарихының зерттелуі

### **Көне түркі дәуірі тарихи еңбектерде**

Түріктердің арғы тегі туралы мәселе. Үйсіндер мен қаңлылар тарихының зерттелуі. Түрік жазуларының шығуы мен қалыптасуы туралы мәселе. Көне түрік жазбалары түрік қағандығы туралы

### **Ертеортағасырдағы Қазақ тарихы туралы еңбектер**

Ертеортағасырлық мемлекеттер (ҮІ – Х ғғ.) тарихы туралы еңбектер. М. Қашқари Ұлы дала халықтары туралы. Әл-Фарабидің тарихи ойлары мен тұжырымдары. Рум авторлары және қазақ тарихы мәселелері. ІХ-ХІІ ғғ. араб және парсы зерттеушілері қазақ даласындағы елдер туралы

### **Шетелдік және отандық зерттеушілер ХІІІ-ХҮІІ-ғғ. Қазақ тарихы туралы**

ХІІІ-ХҮІІ ғғ. Қазақ тарихы араб зерттеушілері еңбектерінде. Парсы зерттеушілері ортағасырлық Қазақ тарихы жөнінде. «Бабырнама» және қазақ тарихы мәселелері. «Тарих-и Рашиди» және қазақ тарихы. Шежірелердегі тарих (Қ. Жалайыр, Өтеміс қажы, Әбілғазы)

Еуропалықтар ортағасырлық Қазақ тарихы жөнінде

### **ХҮІІІ-ХІХ ғғ. Қазақ тарихы орыс зерттеушілері еңбектерінде**

І және ІІ академиялық экспедициялар туралы. А. Левшин қазақ тарихы туралы. В. Татищев түркі халықтары жөнінде. В. Бартольд еңбектеріндегі Қазақ тарихы мәселелері. Қазақ этнологиясы орыс зерттеушілері еңбектерінде

### **ХХ-ғ. басындағы ұлттық тарихи ойдың дамуы**

Ш.Уәлиханов қазақ тарихы туралы. М.Ж. Көпеев: тарихи көзқарастары. Ә. Бөкейхановтың тарихи ойлары. Шәкәрім шежіресі. Ғ. Мұсағалиев –тарихшы

### **Таптық-партиялық көзқарастардың орнауы және Қазақстан тарихы**

1920-1930 жылдардағы еркін тарихи тұжырымдар (Т. Рысқұлов, Қ. Кемеңгерұлы, А. Чулошников, П.Галузо, Г. Сафаров, және т.б.). Тарихтың тоталитарлық идеологияға бейімделуі:Ғ. Тоғжанов, С. Аспендияров, П.Галузо және т.б. Тоалитарлық саясаттың тарихқа үстемдігінің орнауы және тарихшылар: Х. Әділгереев, М. Вяткин, Ә. Марғұлан, Е. Бекмаханов.

### **Кеңестік кезеңдегі қазақ және дүниежүзі тарихын оқыту жүйесі**

Кеңестік кезеңдегі дүниежүзі тарихын орта мектептерде оқыту жүйесі. Е.Б. Бекмахановтың орта мектепке арналған «Қазақстан тарихы оқулығы». Т.Т. Тұрлығұлов және оның орта мектепте тарихты оқыту туралы еңбектері. Қазақ ССР-де қазақ және дүниежүзі тарихын оқыту туралы. Тәуелсіздік кезеңіндегі тарихты оқыту жүйесін өзгерту.

### **Тарих ғылымының ХХ ғ. ІІ-жартысында дамуы және біржақтылықтары**

Қазақ жерін орыс отарлауы туралы зерттеулер: Апполова, Е. Бекмаханов, Т. Шойынбаев.

ХҮІІІ-ХХ ғ. басындағы қазақтардың экономикалық тарихы туралы еңбектер: Б. Сүлейменов, П. Галузо, Ц. Фридман. Әлеуметтік тарихтың зерттелуі: М. Асылбеков, А.Нүсіпбеков, Ә. Тұрсынбаев, Ж. Жұмабеков,Р. Сүлейменов, Б. Төлепбаев. Кеңестік кезең тарихын зерттеу бағыттары

### **Тәуелсіздік кезеңдегі жаңа тарихи көзқарастар**

Алаш қайраткерлері туралы зерттеулер: К. Нұрпейіс, М. Қойгелдиев. Антропологиялық және демографиялық еңбектер: О. Ысмағұлов, М. Тәтімов. Ежелгі және ортағасырлық тарихқа жаңа көзқарас: Н. Мыңжан, К. Байпақов, З. Қинаятұлы,М. Әбусейтова, Б. Кәрібаев. Кеңестік кезеңнің біржақтылықтарының зерттелуі: Т. Омарбеков. Тәуелсіз тарихнамалық ой: Т. Омарбеков, Т. Төлебаев, О. Мұхатова, Қ. Несіпбаева.

**«Деректану және тарихнама» пәні бойынша қорытынды емтиханды  
бағалау рубрикаторы**

**СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША ОФЛАЙН**

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90-100 % (27-30 балл)	70-89 % (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	90-100 % (27-30 балл)
<b>1-сұрақ</b> <b>Курстың</b> <b>теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну</b> <b>30 балл</b>	Сұрақтарға қажет жерде мысалдар келтіре отырып толық жауаптар берілген; Жауаптар сауатты ғылыми тілде баяндалған, барлық терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған және дұрыс ашылған.	Сұрақтарға тұтастай дұрыс жауаптар берілді, бірақ принципті емес жеке дәлсіздіктер жіберілген. Курстың барлық бірдей терминдері дұрыс қолданылмайды, жеке қате мәлімдемелер және презентацияда грамматикалық / стилистикалық қателіктері бар. Жауаптар мысалдармен дұрыс көрсетілмеген.	Сұрақтарға жауаптар үзік-үзік түрде, дұрыс тұжырымдар мен қате тұжырымдар аралас. Тақырыпты толық ашу үшін курстың қажетті мазмұндық блоктары қамтылмайды. Студент жалпы оқу курсының тақырыбына назар аударады, бірақ нақты мәселелерді ашуда қиындықтарға тап болады.	Жауаптар сұрақтардың мазмұнына сәйкес келмейді. Оқу курсы үшін сұрақтардағы негізгі ұғымдар қате түсіндіріледі.	Сұрақтарға жауаптар жоқ; студент оқу материалының көп немесе маңызды бөлігін білмейді немесе түсінбейді. Қорытынды бақылау жүргізу ережелері бұзылған жағдайда.
<b>2-сұрақ</b> <b>Курстың</b> <b>теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну таңдалған әдістем</b>	Курстың технологиясы мен методологиясы білім алушыларды даярлау бағытының ерекшелігін ескере отырып, терең мағынада қолданылады.	Курстың әдіснамасы мен студенттің алған білімі әлсіз интеграцияланған және емтихан билетінде ұсынылған нақты практикалық тапсырмалард	Курстың құралдары үстірт қолданылады, мазмұны аз, жауапта нақты емес, презентация логикасы бұзылған, ұсынылған материалдың мағынасы жоқ, пәнаралық байланыстар туралы түсінік жоқ.	Пәннің маңызды бөлігін дұрыс қолданбайды, студент өз бетінше түзете алмайтын елеулі нақты қателіктер жібереді, емтихан мазмұны бойынша қосымша сұрақтардың көпшілігіне білім	Тапсырманы шешу және курсты түсіндіру үшін білімді қолдана алмай; жауап беру кезінде (бір сұраққа) 3-4-тен астам өрескел қателіктер жібереді, оны тіпті мұғалімнің көмегімен түзете алмайды;

<p><b>е мен технологияны нақты қолданбалы тапсырмаларға қолдану</b> <b>30 балл</b></p>	<p>ы; ғылыми ұғымдар қойылған тапсырмаға еркін қолданылады, содан кейін негізгі проблеманы логикалық және дәлелді түрде ашады;</p>	<p>ы шешуге бейімделген. Білім алушы жауаптары әлсіз құрылымдалған, жауапта маңызды емес нақты қателер бар, оларды өздігінен түзете алады;</p>		<p>алушыға жауап беру қиынға соғады немесе дұрыс жауап бермейді.</p>	<p>материалды толық игермеген. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.</p>
<p><b>3-сұрақ Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолдануы бағалау және талдау, нәтижені негіздеу</b> <b>40 балл</b></p>	<p>Белгілі бір тақырып бойынша әдістер мен технологияларды интеграциялау, негіздеу және талдау, жауапты құрылымдау, емтихан билеті мәселесі бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 5 ережесін талдау қабілетінің болуы, жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен, оның ішінде білім алушының өз тәжірибесінен суреттеледі; диалог жүргізу және</p>	<p>Курстың әдістері мен технологияларын қолдануды интеграциялау және талдау, білімді жаңғырту кезінде елеусіз қателіктер жібере отырып, ғылыми ұғымдарды қолдану арқылы өз ойларын бекіту үшін көрнекі материалдарды қолдану; емтихан билеті сұрақтары бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 3-4 ережелерін талдау.</p>	<p>Курстың заңдылықтары мен принциптерінің үстіртін негіздемесі, оқу бағдарламасына сәйкес материалдың негізгі көлемін және жетекші сұрақтардың талабымен әлсіз қолдану; оны өз бетінше орындауда қиындықтар туындауы.</p>	<p>Курстың әдістері мен технологияларын қолданудың негізділігі мен талдауының болмауы, репродуктивті сипаттағы сұрақтарға жауап беру кезінде қиындықтың көрінісі.</p>	<p>Мысалдар келтірген кезде курс әдістерін қолдану қабілетінің болмауы; Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.</p>

	ғылыми пікірталасқа түсу қабілетін көрсетеді.				
--	-----------------------------------------------	--	--	--	--

### **Емтихан нәтижелерін бағалау критерилері**

Студенттердің емтихан білімін бағалау критерилері:

«Өте жақсы» - мәселе толық баяндалған және сипаттау барысында: тарихи еңбектерге жан-жақты сипаттама берген; басты тұжырымдар мен қорытындылан айқындалған; оларға кешенді түрде талдау жасалған; мәселе көлемінде бірнеше еңбек пайдаланылған; студент өз көзқарастарын білдіре отырып, ұсыныстар жасаған.

«Жақсы» - мәселенің негізгі мазмұны ашылған, тарихи еңбектерге жүйелі талдау жасалған, басты тұжырымдар мен қорытындыларды айқындай алған. Бірақ өз көзқарастары мен ұсыныстары нақты және айқын емес, салыстырмалы талдау аз, қорытындылаушы пікірлері жалпылама жасалған.

«Қанағаттанарлық» - жауаптар жүйесіз, үстірт, негізінен оқу құралы көлемінде жазылған. Кешенді және салыстырмалы талдау жасалмаған, басты тұжырымдар мен қорытындылар айқындалмаған, өз көзқарастары мен ұсыныстары жазылмаған, бағдарламалық материал 50 пайыздан төмен игерілген, қателіктер де кездеседі, тарихи еңбектердің басылымы жарық көрген уақыты, кейде авторлары дұрыс көрсетілмеген.

«Қанағаттанарлықсыз» - жазылған жауап тақырыпқа тікелей қатысты емес, немесе басқа мәселеге арналған, бағдарламада көрсетілгендей тарихнамалық талдаудың орнына мәселенің тарихы баяндалған, тарихи зерттеу еңбектері талданбаған, жауаптарында қателер орын алған.

### **Емтиханға дайындалу үшін ұсынылатын әдебиеттер**

#### **Негізгі әдебиеттер:**

1. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі. (1870-1918 жж). Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.
2. Атабаев Қ. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 302 б.

3. Атабаев Қ. Деректану. – Алматы: “Қазақ тарихы”, 2007. -272 б.
4. Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники Российской истории. Учеб. пособие. /И.Н. Данилеский, В.В. Кабанов, О.М. Медушевская, М.Ф. Румянцева./ – Москва: РАН, 2000. – С. 703.
5. Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. - Москва: Наука, 1987. – С. 440.
6. Салқынұлы С. Тұңғыш Президент және Қазақстан Республикасының тарихы. – Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2007. -240 б.
7. Смоленский Н.И. Теория и методология истории. - Москва: Академия, 2007. – С. 272.
8. Артықбаев Ж.О. Казахское общество: традиции и инновации. Караганды, 1993
9. Артықбаев Ж.О. История Казахстана в XIX веке. Караганды, 1992
10. Дулатова Д.И. Историография дореволюционного Казахстана. А., 1984
11. Мұхатова О.Х. Қазақстан тарихының тарихнамасы. А., 2016
12. Нұрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда. А., 1994
13. Несипбаева К.Р. Англо-американская историография экспансии Российской империи в Средней Азии и Казахстане. А., 1998.
14. Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. А., 1998.
15. Қасымбаев Ж.К. История города Акмолы. А., 1995
16. Қозыбаев И.М. Историография Казахстана: уроки истории. А., 1990
17. Қозыбаев М.Қ. Ақтандақтар ақиқаты. А., 1991.
18. Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. А., 1997.
19. Омарбеков Т.О. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. А., 2001
20. Омарбеков Т.О. Омарбеков Ш.Т. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. А., 2002
21. Төлебаев Т.Ә. Қазақстандағы капиталистік қатынастар туралы мәселені ғылыми негізде зерттеудің қалыптасуы. А., 2001
22. Төлебаев Т.Ә. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы Қазақстанның ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібіндегі капиталистік қатынастар тарихнамасы. А., 2001
23. Төлебаев Т.Ә. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстанға капитализмнің енуінің тарихнамасы. – А.: «Айдана», 2002. – 276 б.

#### **Онлайн түрінде қолжетімді (университет кітапханасы):**

1. Артықбаев Ж.О. Этнос және қоғам. Қарағанды, 1995.
2. Қасымбаев Ж.Қ. Хан Кене. А., 1993.
3. Төлебаев Т.Ә. Қазақстандағы капитализм: өткені мен бүгіні (тарихнамалық аспект). – А., 2014. – 250 б.
4. Төлебаев Т.Ә. XIX-XX-ғ. басындағы Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік дамуының тарихнамасы. – А., 2015. – 175 б.
5. Төлебаев Т.Ә. Қазақстан тарихы мен тарихнамасының өзекті мәселелері. А., 2016.

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Медушевская О.М. Современное зарубежное источниковедение. М.: Высшая школа. -1983. 137 с.
2. Макаров М.К. О принципах классификации письменных источников // Труды МГИАИ, - Т. 16. – Москва, 1961.
3. Пронштейн А.П. Методика исторического исследования. - Ростов-на-Дону, 1976. – С. 315.
4. Медушевская О.М. О проблемах классификации исторических источников // Советские архивы. – 1978. - № 5.
5. Сексенбаева Г.А. Методика работы с архивными источниками. - Алматы: АГУ, 1996. – С. 25.
6. Стрельский В.И. Теория и методика источниковедения истории СССР. - Киев: Издательство Киевского Университета, 1968, - С. 264.
7. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. - 352 б.
8. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Бас ред. Р. Нургалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. - 421 б.
9. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы, 1994. – 416 б.
10. Сүлейменов О. Аз и Я. – Алматы: Жазушы, 1992. – 298 б

**Құрастырған,  
т.ғ.д., профессор**

**Т.Ә. Төлебаев**